

Әдістемелік жұмыс – бұл ғылым мен педагогикалық озат тәжірибе жетістіктеріне және оқу - тәрбие жұмысының нақтылы жағдайына сүйене жүргізілген, өзара байланысты іс - әрекеттер мен шаралар жүйесі, ол әрбір оқытушының біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан - жақты арттыруға бағытталған (оқытушылардың өз бетімен кәсіби білімін көтеруін, өзін - өзі тәрбиелеу, жетілдіру шараларын басқаруды қоса) шаралар, педагогикалық ұжымның ілімдік мүмкіндік шамасын дамыту және арттыру, сайып келгенде, оқу - тәрбие жұмысын жетілдіру, нақты оқушыны білім, тәрбие алу және даму деңгейіне жеткізу.

Әдістемелік жұмыс- бұл оқытушылардың өз кәсіби шеберлігін жетілдіру бойынша атқаратын жүйелі жекелей немесе топтық жұмысы. Ол талдау, бағалау дағдысын қалыптастыруға, педагогикалық қызметті жобалауға бейімдейді, оқытушыларды шығармашылық ізденіске жетелейді. Ұстаздар алдында ақпараттарға бағытталу және оны талдау, жеке тұжырымдамасын қайта қарау, жұмысының түрі мен әдісін жаңалау мәселесі жүзеге асыру, қазіргі педагогикалық технологияларды пайдалану, эксперименттік жұмыстар-әдістемелік қызметтің де өзгеруін талап етеді. Әдістемелік қызметтің қалыптасуында оқытушылардың өз ісіне кәсіби маман ретінде қарауы, оқытудың мазмұнын игеруі, өзіне шығармашыл және үнемі даму мен өсуге дайын тұлға ретінде қарауы үлкен роль атқарады.

Әдістемелік кабинет қызметі

«Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі» бойынша әдістемелік кабинет - техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ғылыми және әдістемелік жұмысты ұйымдастыратын құрылымдық бөлімше болып табылады.

Әдістемелік кабинеттің мақсаты: Педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттіліктерін дамыта отырып, жан- жақты көмек беріп, ақпараттық-әдістемелік базасын құру.

Әдістемелік кабинеттің мақсатын жүзеге асыру үшін келесі тапсырмалар орындалады:

- Пәндік циклдік комиссиялардың қызметін жүзеге асыру үшін ақпараттық қолдау көрсету.
- Оқу үрдісіне ақпараттық бағдарламаларды енгізу үшін әдістемелік көмек беру.
- Ғылыми-терориялық, құқықтық-нормативтік, әдістемелік бағдарламалардың ақпараттық мәліметінің банкін құрастыру.
- Колледж оқытушыларының педагогикалық шеберліктерінің жұмысын одан әрі жалғастыру.
- Өндіріске жаңа педагогикалық технологияны ендіру және үйрету.
- Озық іс- тәжірибені тарату.
- Жаңашылдық технологияларын меңгеру.
- Өзіндік танымдық-шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- Әдістемелік жұмыстың формалар жаңаландыру.

Әдістемелік кабинет жұмысының негізгі бағыттары:

- Оқу-тәрбие процесінде жаңа ақпараттық технологияны ендіруге байланысты ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарды өткізу;

- Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу процесіне енгізу бойынша педагог мамандардың іс- тәжірибесін тарату;
- Педагог мамандардың технологияларды пайдалана алу дайындығын арттыру және олардың ақпараттық құзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін дамыту;
- Инновациялық және экспериментальды жұмыстарды өткізу, инновациялық жобаларды дайындау

Ұсынылатын білім беру қызметінің сапасы көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде, колледж әкімшілігі құзіреттілігі мен жүйелі бағалануды қамтамасыз ететін, оқытушылар құрамының біліктілігіне байланысты.

Оқытушының кәсіби құзіреттілігін бағалау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығы бойынша енгізілген өзгерістер бойынша) сәйкес жүргізіледі.

Оқу сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқытушылар білімдерін жетілдіреді. Колледж оқытушыларының жаңа оқыту технологияларын зерделеу және оқу үрдісіне енгізу мақсатында жылда дәстүрлі түрде «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты арқылы курстар ұйымдастырылады. Оқыту процесінде әртүрлі әдіс –тәсілдерді пайдалану мақсатында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығының» ұйымдастыруымен оқытудың әртүрлі технологияларына арналған семинарлар өткізіледі.

Жыл сайын оқу-әдістемелік кабинетке оқытушылардың жеке жоспарының орындалуы туралы есеп өткізіледі. Есепте оқытушылардың оқу, әдістемелік, тәрбиелік, қоғамдық жұмысы көрсетілген, сонымен қатар оқу-әдістемелік талдамалар және басылымдар тізімі кіреді. Оқытушылар мерзімді басылымдарда: облыстық, республикалық мамандандырылған журналдар мен жинақтарда жариялап, озат тәжірибелерімен бөліседі. Колледж оқытушылары 12 оқулық пен оқу құралдарын әзірлеп шығарды.

Колледжде озат тәжірибені тарату мақсатында **«Педагогикалық шеберлік мектебі»** мен жас мамандарға көмек беру, үйрету мақсатында **«Жас оқытушы мектебі»** жұмыс жасайды. Оқытушылардың кәсіби педагогикалық дағдыларын дамытуға, оқытудың жаңа технологияларын оқу процесінде пайдалануға, әдіс-тәсілдерді үйрету мақсатында тәлімгерлермен бірлесіп жүзеге асырады.

Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік және инновациялық жұмысы келесі негізгі бағыттарға сәйкес жүргізіледі:

- оқытушылардың ғылыми және инновациялық қызметі;
- оқу-әдістемелік жұмыстар;
- білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және бұл жұмыстарға жетекшілік ету.

Жетекші оқытушылардың озық тәжірибесін тарату үшін ашық сабақтар мен шеберлік сағаттары өткізіледі. Оқытушылар заманауи ақпараттық-компьютерлік технологияларды меңгерген және оларды оқыту үрдісінде қолданады.

Оқытушылардың кәсіби қызметінің маңызды көрінісі білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға арналған оқу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады. Оқу-зерттеу жұмыстарының нәтижесі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған әр түрлі форматтағы іс шараларға қатысуымен айқындалады. Колледж базасында жыл сайын облыстық, қалалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары, пәндік олимпиадалар ұйымдастырылады.

Кәсіби білімді шыңдау, оқытылған білімнің тәжірибелік жақтарының меңгеруін қадағалау және зерделеу мақсатында кәсіптік сайыстар, байқаулар ұйымдастырылады. Дәстүрлі түрде «Үздік анатом», «Үздік мейіргер», «Дәрілік түрлер технологиясы», «Тіс протездерін дайындау» сайыстары мен «Үздік жедел-жәрдем бригадасы» кәсіби байқауы бірінші және бітіруші түлектер арасында өткізіледі. Сайыстар мен байқауларда кәсіптік және арнайы пәндер бойынша теориялық және ситуациялық сұрақтар, тәжірибелік жұмыстар беріледі. Кәсіби бағыттағы жүргізілген іс шараларды ұйымдастыру барысында колледж оқытушыларының жаңашылдығы мен іскерлігі шыңдалады.

Жүргізілетін әдістемелік жұмыстың тақырыбы:

«Колледж оқытушыларының үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту»

Мақсаты:

- Оқытушылардың білім берудегі кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлік деңгейін үздіксіз жетілдіру.
- Оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігі мен сапасын арттыру.